


«Нархоз университеті» КЕАҚ
Басқармасының «15» 06 2023 жылғы
шешімі бойынша (№ 8 хаттама)
«БЕКІТІЛГЕН»



«Нархоз университеті» КЕАҚ талапкерлерінің арасында
«Verny Capital» ЖШС-нің білім беру гранттарын беруге қатысты
конкурсты ұйымдастыру және өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

Құжаттың паспорты

Құжаттың атауы:	Ереже
Қысқаша сипаттамасы:	«Нархоз университеті» КЕАҚ-ның талапкерлері арасында «Verny Capital» ЖШС-нің білім беру гранттарын тағайындауға конкурс өткізудің ұйымдастырушылық- әдістемелік нормалары мен ережелерін белгілейді.
Тақырыбы:	Ұйымдастыру-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету
Статусы:	Қолданыстағы
Бекіту уақыты:	<u>15.06.</u> 2023 ж.
Іс-әрекеттің аяқталу уақыты:	Жаңасы қабылданғанша немесе ескісі жойылғанға дейін
Аудит уақыты:	Қажеттілік туындаған жағдайда
Аудитке жауапты адам:	Рекрутинг және қабылдау бөлімінің бастығы  _____

Келісу парағы

Келісілген:

Қаржы директоры



М.В. Капустянская

Әкімшілік департаменттің
директоры



Л.Б. Бисенғали

Әзірлеген:

Рекрутинг және қабылдау
бөлімінің бастығы



А. Әділбекова

МАЗМҰНЫ

Құжаттың паспорты	2
Келісу парағы	3
1. Жалпы ережелер	5
2. Конкурстың негізгі мақсаттары	5
3. Конкурстың қатысушылары	5
4. Ұйымдық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету және Эксперттік комиссия	6
5. Олимпиаданы өткізу	7
6. Қорытынды шығару және қатысушыларды марапаттау	7
7. Жауапкершілік	9
8. Қорытынды ережелер	9

1. Жалпы ережелер

1.1. «Нархоз университеті» КЕАҚ талапкерлері арасында «Verny Capital» ЖШС-нің білім беру гранттарын тағайындау конкурсын ұйымдастыру және өткізу туралы осы Ереже (әрі қарай – «Ереже») «Нархоз университеті» КЕАҚ талапкерлері арасында өткізілетін «Verny Capital» ЖШС-нің білім беру гранттарын тағайындау конкурсының мәртебесі, мақсаттары мен міндеттерін және оны өткізу тәртібін айқындайды (әрі қарай – «Конкурс»). Ереже сонымен қатар «Нархоз университеті» КЕАҚ-ның «Verny Capital» МК-да практиканы ұйымдастыруға қатысты міндеттемелерін де регламенттейді.

1.2. Конкурсқа қатысушылар «Нархоз университеті» КЕАҚ (әрі қарай – «Университет») ресми сайтында және Университеттің әлеуметтік желілердегі аккаунттарында ақпаратты орналастыру арқылы олар күшіне енген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей Ереженің күшін жою, өзгерту немесе толықтыру туралы хабардар етіледі.

1.3. Конкурс қорытындысы бойынша берілетін білім беру гранттары Университет басқа білім беру ұйымдарымен бірлесіп іске асыратын Университеттің бірлескен білім беру бағдарламаларына қатысты қолданылмайды.

1.4. Конкурстың жұмыс тілдері қазақ, орыс және ағылшын тілдері болып саналады.

2. Конкурстың негізгі мақсаттары

2.1. Конкурс арқылы Университет жалпы білім беретін мекемелердің бітіруші сынып оқушыларын (әрі қарай – «оқушылар») келесілер бойынша ынталандыруға тырысады:

- сыни, логикалық және жүйелік ойлауды дамыту;
- оқушылардың таңдаған білім беру бағдарламасы саласындағы шығармашылық қабілеттерін және білімге деген қызығушылығын анықтау мен дамыту;
- қызығушылықтары мен оқу сферасы ұқсас басқа оқушылармен білім алмасу.

3. Конкурстың қатысушылары

3.1. Конкурсқа ҰБТ нәтижелері бойынша Университет белгілеген өту баллдарын жинаған және таңдау бойынша келесідей бейіндік пәндерді, яғни математика + география, география + шет тілі, дүниежүзілік тарих + құқық негіздері, математика + физика/информатика, шет тілі + дүниежүзілік тарих, биология + география тапсыратын 2023 жылғы бітіруші 11 және 12-сыныптардың оқушылары қатыса алады.

Экономика, Financial Risk Management, It in Business, Есеп және Аудит, Қаржы білім беру бағдарламаларын таңдау үшін «математика» бейіндік пәні бойынша кем дегенде 17 балл, сонымен қатар В1/В2 немесе IELTS 5.5 деңгейінде ағылшын тілін білу талап етіледі. Халықаралық құқық білім беру бағдарламасы бойынша да ағылшын тілін В1/В2 немесе IELTS 5.5 деңгейінде білу қажет.

3.2. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (паспорт немесе жеке куәлік), дербес деректерді өндеуге келісім, сол сияқты Университеттің ресми сайты, Университеттің әлеуметтік желілердегі аккаунттары мен Университеттің жарнамалық материалдарында жұмыстар, фотосуреттер мен бейнежазбаларды жариялауға рұқсат беру.

- 18 жасқа толмаған тұлғалар үшін – ата-анасының (заңды өкілінің) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, оның және баласының дербес деректерін өндеуге келісім, сол сияқты Университеттің ресми сайты, Университеттің әлеуметтік

желілердегі аккаунттары мен Университеттің жарнамалық материалдарында баланың жұмыстары, фотосуреттері мен бейнежазбаларын жариялауға рұқсат беру.

4. Ұйымдық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету және Сараптамалық (Эксперттік) комиссия

4.1. Конкурсты ұйымдастыру-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету үшін Ұйымдастыру комитеті (әрі қарай – «Ұйымдастыру комитеті») құрылады.

4.2. Ұйымдастыру комитетінің құрамы Маркетинг және қабылдау департаментінің қызметкерлерінен құралады.

4.3. Ұйымдастыру комитетін Маркетинг және қабылдау департаментінің Рекрутинг және қабылдау бөлімінің бастығы басқарады.

4.4. Ұйымдастыру комитеті келесі міндеттердің шешімін табады:

– Конкурс шеңберінде барлық іс-шаралардың ұйымдастырылуы мен өткізілуін қамтамасыз етеді;

– атқарылған жұмыс туралы есеп береді;

– Ережеге сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4.5. Конкурсты өткізу жөніндегі Сараптамалық комиссияның құрамына Университет басшылығының арасынан сарапшылар енгізіледі.

4.6. Сараптама комиссиясы мүшелерінің саны жұп емес, тақ болуы тиіс.

4.7. Сараптама комиссиясының шешімдері қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады (Комиссияның 1 мүшесі – 1 дауыс). Сараптама комиссиясының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім шығару кезінде дауыстар тең бөлінген жағдайда Сараптама комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып саналады.

4.8. Сараптама комиссиясының мүшелері Конкурста қатысушылармен аффирленген (үлестес) болмауы тиіс. Сараптама комиссиясы мүшелерінің Конкурста қатысушылармен үлестес болу фактілері анықталған жағдайда, осы мүшелер Сараптама комиссиясының құрамындағы жұмыстан шеттетілуі қажет. Аффирлену фактісі жасырылған жағдайда Сараптама комиссиясының мүшесі, оның ішінде Университетке келтірілген залалды өтеу бойынша жауапқа тартылуы да мүмкін.

4.9. Сараптама комиссиясы өз мүшелері арасынан Жауапты хатшыны таңдайды.

4.10. Сараптама комиссиясының құзіреттері:

– Конкурстың тақырыбына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес Конкурста арналған тапсырмаларды әзірлейді;

– Конкурста қатысушылардың бағалануын жүргізеді және Конкурс жеңімпаздарын анықтайды;

– нәтижелер ведомосын әзірлейді;

– Конкурс қорытындысы мен Конкурстың жеңімпаздарын жариялайды;

– Конкурстың Ұйымдастыру комитетінің іс-әрекеттеріне қатысты арыздар мен шағымдарды қарастырады;

– Ережеге сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4.11. Сараптама комиссиясының Шешімі қайта қарауға жатпайды.

5. Университетте оқудың барлық кезеңіне (4 жыл) оқыту құнының 100% мөлшеріндегі білім беру жеңілдіктерін беру тәртібі мен шарттары

5.1. «Verny Capital» ЖШС-і қайырымдылық мақсатта Университетке 2023-2024 оқу жылында оқуға түсетін 50 (елу) талантты Университет студентін оқытуды ұйымдастыруға арналған, олардың пайдалануы үшін оларға 100% көлемінде білім беру жеңілдіктерін беру арқылы ақшалай қаражатты (әрі қарай – «Қайырымдылық көмек») бакалавриаттың таңдаған білім беру бағдарламалары бойынша Университетте оқытудың барлық кезеңіне (4 жыл) жеткілікті оқу құнын (әрі қарай – «Грант») тегін береді.

5.2. Университет Грант беру үшін талапкерлер арасында Конкурс өткізеді.

5.3. Конкурс ашық болып табылады және ҰБТ нәтижелері бойынша Университет белгілеген өту балын жинаған әрбір талапкер үшін қолжетімді.

5.4. Конкурс заңдылық, ашықтық, объективтілік, қандай да бір негіздер бойынша кемсітушілікке жол бермеу, жариялылық қағидаттарын (принциптерін) сақтау отырып өткізіледі.

5.5. Конкурсты өткізу тәртібі *1-кестеде* келтірілген.

1-кесте

«Verny Capital» ЖШС-нің гранттарын тағайындау Конкурсын өткізу тәртібі

1.1.	Тіркеу	<ul style="list-style-type: none"> ➢ Тіркеу ашық. <p>Талапкер https://ar.narxoz.kz/ сайтында тіркеуден өтуі тиіс.</p>																				
1.2.	Тест + ҰБТ	<ul style="list-style-type: none"> ➢ Әрбір тіркелген үміткер логика, сыни және жүйелік ойлау тестінен өту үшін өзі көрсеткен контактілерге SMS және email хабарламалар бойынша сілтеме алады. Тест және ҰБТ ұпайлары 40/60 пропорциясында жинақталады. <p>Тест келесілерді бағалайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ есептеу қабілеттері ✓ сыни ойлай білу ✓ когнитивтік қабілеттер <p>Тесттен өтуге берілетін уақыт – 60 минут.</p> <p>Сұрақтар көлемі – 30 сұрақ.</p> <p>Тест нәтижелері қалай бағаланады:</p> <p>ҰБТ және Тест 50-ден 140 баллға дейінгі бірыңғай шкалаға ие. ҰБТ ұпайлары жалпы бағаның 60%-ын, ал Тест ұпайлары - 40%-н құрайды, бұл ҰБТ ұпайлары жоғары талапкерлердің грант жеңіп алуына басым мүмкіндік береді. Формуласы: $(ҰБТ \times 0,6) + (ТЕСТ \times 0,4) = ҚОРЫТЫНДЫ$.</p> <table border="1" data-bbox="649 1375 1250 1543"> <thead> <tr> <th>ҰБТ (60%)</th> <th>ТЕСТ (40%)</th> <th>ҰБТ (60%)</th> <th>ТЕСТ (40%)</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>70-89</td> <td></td> <td>70-89</td> <td></td> </tr> <tr> <td>90-109</td> <td></td> <td>90-109</td> <td></td> </tr> <tr> <td>110-129</td> <td></td> <td>110-129</td> <td></td> </tr> <tr> <td>130-140</td> <td></td> <td>130-140</td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	ҰБТ (60%)	ТЕСТ (40%)	ҰБТ (60%)	ТЕСТ (40%)	70-89		70-89		90-109		90-109		110-129		110-129		130-140		130-140	
ҰБТ (60%)	ТЕСТ (40%)	ҰБТ (60%)	ТЕСТ (40%)																			
70-89		70-89																				
90-109		90-109																				
110-129		110-129																				
130-140		130-140																				
1.3.	Сұхбаттасу	<ul style="list-style-type: none"> ➢ Тест қорытындысы бойынша ең жақсы нәтиже көрсеткен 200 үміткер екінші турға шақырылады. Егер 2 немесе одан да көп үміткер бірдей балл жинаса, олардың барлығы да екінші турға жіберіледі. <p>Комиссия мүшелерімен сұхбаттасу.</p> <p>Үміткерлер (кандидаттар) 2 критерий бойынша бағаланады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ➢ Ауызша сөйлеу сауаттылығы (0-5 балл); ➢ Комиссияның сұрақтарына қатысты жауаптардың дәлелдігі (0-5 балл); 																				

		Осылайша, екінші турдың нәтижелері бойынша ең жоғары балл жинаған 50 үміткер іріктеліп алынады, сонымен қатар 50 қатысушыдан тұратын «күту парағы» құрылады.
--	--	--

5.6. Грант келесілерді қамтиды:

- 4 (төрт) жылдық оқудың төлемақысы (студент күндізгі бөлімде оқуы және Университеттегі үлгерімінің әр оқу жылының қорытындысы бойынша 3.33 баллдан төмен емес GPA-ді сақтауы, сонымен қатар академиялық берешектің жоқтығын, әрі Қазақстан Республикасының заңнамасы, Академиялық саясат, Этикалық мінез-құлық кодексі мен Университеттің өзге де ішкі құжаттарын бұзушылықтардың орын алмауын қамтамасыз етуі тиіс).

- жеңімпаз гранттан бас тартқан жағдайда, бос орын тізім бойынша төмен тұрған үміткерге (50-ден кейін) ауысады. Егер бірнеше төменгі үміткерлердің ұпайлары бірдей болса, таңдау ҰБТ бойынша ең жоғары баллға ие адамға беріледі.

5.7. Студент келесі жағдайларда Гранттан айырылады:

- студентті Қазақстан Республикасының заңнамасы, Білім беру қызметтерін көрсетуге арналған келісім-шарт пен Университеттің ішкі құжаттарында қарастырылған негіздер бойынша оқудан шығару;

- студентті басқа білім беру бағдарламасына ауыстыру;

- үлгерімді сақтау бойынша талап орындалмаған жағдайда (оқу жылының қорытындысы бойынша GPA 3.33 баллдан төмен болса);

- оқу жылының қорытындысы бойынша академиялық берешек орын алған жағдайда;

- Қазақстан Республикасының заңнамасы, Академиялық саясат, Этикалық мінез-құлық кодексі мен Университеттің өзге де ішкі құжаттары бұзылған жағдайда.

Гранттан айырылған *Студент* білім беру қызметтерін көрсетуге арналған Шартқа қосымша келісім жасау арқылы Университет бекіткен тарифтер бойынша ақылы негізде тиісті оқу жылында оқуын жалғастыра алады не Шарт бұзылады, сөйтіп студент Университеттен шығарылады.

Университет босаған Грантты заңдылық, ашықтық, объективтілік, қандай да бір негіздер бойынша кемсітуге жол бермеу мен жариялылық принциптерін, яғни қағидаттарын сақтай отырып, Академиялық үлгерімі (GPA) және Әлеуметтік GPA бойынша ең үздік көрсеткіштерге ие Университет студенттері арасында қайта бөледі.

5.8. Оқу кезеңінде Грант берілген студенттердің «Verny Capital» МК-да практикадан өтуге басымдық құқығына ие.

6. Қорытынды шығару және қатысушыларды марапаттау

6.1. Конкурстың нәтижелері бойынша Сараптама комиссиясы Университетте «Verny Capital» ЖШС-нің білім беру гранттарын алуға қатысты сертификаттармен Конкурстың жеңімпаздарын марапаттау туралы Сараптама комиссиясының хаттамалық шешімін қалыптастырады.

6.2. Конкурсқа қатысушылар тарапынан Академиялық адалсыздық фактілері анықталған жағдайда білім беру гранттарын алуға арналған сертификаттар Сараптама комиссиясының шешімі бойынша жойылады.

6.3. Білім беру гранттарының саны Университеттің тиісті оқу жылына арналған стратегиясы бойынша айқындалады.

6.4. Білім беру гранты Қазақстан Республикасының азаматтарына – Конкурстың жеңімпаздарына беріледі, әрине ҰБТ нәтижелері бойынша берілген сертификаттың баллдарына сәйкес ең төменгі шекті балл негізінде ҰБТ тапсыру расталған кезде (жалпы елу баллдан кем емес және әр пән бойынша 5 баллдан; «Құқық» білім беру бағдарламаларының тобына жалпы жетпіс бес баллдан кем емес және әр пән бойынша 5

баллдан); «Аудит және салық салу» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша ҰБТ нәтижелері бойынша берілген сертификаттың баллдарына сәйкес ең төменгі шекті балл негізінде (жалпы елу баллдан кем емес, әр пән бойынша 5 баллдан кем емес, ал «Математика» бейіндік пәні бойынша – кем дегенде 17 балл).

6.5. Білім беру гранттарын алу үшін Конкурс жеңімпаздары тиісті күнтізбелік жылдың 10-тамызына дейінгі мерзімде Университеттің Қабылдау комиссиясына Білім беру грантын тағайындау сертификатын және Университетке оқуға қабылдау үшін қажетті басқа да құжаттарды ұсына отырып жүгінуі қажет. Сараптама комиссиясының шешімі және ҰБТ-ден өту баллдарының нәтижесі бойынша тапсырғанын растайтын құжаттар, әрі не болмаса шетелдік білім беру ұйымдарында оқуды аяқтаған және ҰБТ-ны тапсырмаған тұлғалар үшін жалпы орта білім беруді аяқтау туралы құжаттар Университеттің Білім беру жеңілдіктерін беру жөніндегі комиссиясына (әрі қарай – «Жеңілдіктер жөніндегі комиссия») беріледі. Жеңілдіктер жөніндегі комиссия ұсынылған құжаттарды қарайды және білім беру гранттарын беру туралы шешім қабылдайды. Жеңілдіктер жөніндегі комиссияның шешімін Университеттің Басқармасы арнайы бекітеді. Университет Басқармасының шешімі негізінде Конкурс жеңімпаздарына білім беру гранттары беріледі және олармен Білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шартқа тиісті Қосымша келісім жасалады.

6.6. Университеттің Қабылдау комиссиясына оқуға қабылдау үшін қажетті білім беру гранттарын және басқа құжаттарды алу бойынша сертификатты ұсыну мерзімі бұзылған жағдайда (Ереженің 6.4-тармағы) Білім беру гранттарын алуға арналған сертификат өз күшін жояды.

6.7. Ұсынылған білім беру гранттары шеңберінде оқытуды қаржыландыру грант алушылар сессияны сәтті тапсырған кезде және әр оқу жылының қорытындысы бойынша 3.33 баллдан төмен емес GPA-ді сақтаған, сонымен қатар академиялық берешектің жоқтығын, әрі Қазақстан Республикасының заңнамасы, Академиялық саясат, Этикалық мінез-құлық кодексі мен Университеттің өзге де ішкі құжаттарын бұзушылықтардың орын алмауын қамтамасыз еткен жағдайда сақталады. GPA-ді есептеу барысында жазғы семестрдегі деректер есепке алынбайды. Әрине, студент Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына мерзімді қызметке шақырылуына байланысты сырқаттанған, жүктілігі және босануы, Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша академиялық демалыста болған жағдайларды қоспағанда. Білім беру гранты оқытудың бүкіл кезеңіне беріледі, сонымен бір мезгілде білім беру грантын қайта қарау ісін жыл сайын Жеңілдіктер жөніндегі комиссия жүргізеді. Осы тармақта белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда Жеңілдіктер жөніндегі комиссия білім алушыны қалпына келтіру құқығынсыз қалған оқу кезеңіне білім беру грантынан айыру және босатылған грантты осы Ереженің 5.7-тармағына сәйкес қайта бөлу туралы шешім қабылдайды.

Осы категорияның адамдары үшін көрсетілген критерийлерге сәйкестікті Университеттің Тіркеуші офісі тексереді және растайды, ал үлгерім төмендеген жағдайда, ақпарат келесі оқу кезеңінде студентті білім беру грантынан айыру туралы шешім қабылдау үшін Жеңілдіктер жөніндегі комиссияға беріледі.

7. Жауапкершілік

7.1. Университет Қатысушылардың Ережеде қарастырылған Конкурс шарттарын орындамағаны, сонымен қатар дер кезінде орындамағаны үшін жауапты болмайды.

7.2. Ұйымдастырушылар Қатысушының Конкурса қатысу шарттарымен таныспағаны үшін де жауап бермейді.

7.3. Ұйымдастырушылар Қатысушылардан Конкурсты өткізу үшін қажетті толық емес және/немесе дұрыс емес контактілік және/немесе өзге де мәліметтерді алғаны үшін жауапты болмайды.

7.4. Қатысушылар конкурса берілетін материалдардың адалдығы үшін дербес жауапты болады.

7.5. Байқау (Конкурс) жеңімпаздары ең үлкен жеңілдік ең аз қамтылғанына қарамастан, оқуға бір ғана білім беру жеңілдігін ала алады. Университеттен бұрын алынған білім беру жеңілдіктері жинақталмайды.

7.6. Конкурс жеңімпазы оқу мерзімі ішінде мемлекеттік грантқа ауысқан жағдайда Тіркеуші офисі осы студент туралы мәліметтерді Университеттің Білім беру жеңілдіктерін беру жөніндегі комиссиясына ұсынады, сөйтіп студент осы Ереже бойынша ұсынылған білім беру жеңілдіктерінен бас тарту туралы өтініш жазуға міндетті болады.

8. Қорытынды ережелер

8.1 Маркетинг және қабылдау департаментінің Рекрутинг және қабылдау бөлімінің бастығы Ережені жүзеге асыруға жауапты тұлға болып саналады.

8.2 Рекрутинг және қабылдау бөлімінің бастығы Конкурстың дер кезінде ұйымдастырылуы мен өткізілуіне жауапты.

8.3 Ереже Университет Басқармасының шешімі бойынша бекітіледі.

8.4 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Университет Басқармасының шешімі бойынша енгізіледі.

8.5 Университеттің Басқармасы Ережені бекіткен сәттен бастап Университеттің Басқармасы бекіткен (15.07.2022ж., №8 хаттама) «Verny Capital» ЖШС-нің білім беру гранттарын тағайындау конкурсын ұйымдастыру және өткізу туралы» ереже өз күшін жояды.